

**Индира Болатбекқызы Байсыдық^{1*}, Нұрсәуле Мақсұтқызы Рсалиева²,
Бота Халым³, Әсем Нышанәліқызы Корбозова⁴**

^{1*}автор-корреспондент, философия докторы (PhD),

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0001-5013-4398 E-mail: i.baissydyk@gmail.com

²филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0003-2065-0505 E-mail: nursauler@mail.ru

³докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0001-9380-9041 E-mail: bota-@mail.ru

⁴магистрант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0009-0004-7104-0920 E-mail: asem.korbozova@mail.ru

АДАМ МІНЕЗІН СИПАТТАУШЫ СЫН ЕСІМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Аңдатпа. Жалпы жеке адамның өмір сүру қағидаларын білдіретін психо-мәдени ерекшеліктері (киім киісі, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәдениеті мен өзге де құндылықтары) тұтас ұлттың болмысын танытады. Әсіресе, бүгінгі таңда психология ғылымының зерттеу нысаны ретінде қарастырылып жүрген мінез-құлық нормалары лингвомәдени, этномәдени аспекті тұрғысынан да айрықша категория саналады. Өйткені коммуникативтік, прагматикалық, дискурстық жағынан алғанда, адам мінез-құлық әртүрлі әлеуметтік топтар мен ұйымдардың ғана емес, тұтастай бір ұлттың, елдің мәдениетін танытады. Сондықтан мінез-құлық түсінігін этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық феномен ретінде зерттеудің ғылыми мәні зор. Осыған сәйкес мақалада адам мінез-құлық сипаттайтын сын есімдер мен тұрақты сөз тіркестерінің этномәдениеттанымдық аясы қарастырылды. Мінез-құлық ерекшеліктерін білдіретін сын есімдердің лексика-семантикалық топтары айқындалып, аталған лексикалық бірліктердің бірнеше мәдениетке ортақ белгілері сараланды. Оң және теріс семантикасы бар адамның мінез-құлық танытатын сын есімдердің синонимдік-антонимдік қатары алтай тілдер тобына жататын өзге тілдермен салыстырылып, олардың түпкі этимологиясына назар аударылды. Авторлар отандық және шетелдік тілші-ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, бүгінгі тілдік қорымызда жиі қолданысқа түсе бермейтін сөз бірліктерінің этнолингвистикалық маңызына жан-жақты тоқталды. Сондай-ақ адам бойындағы кейбір жағымсыз мінез-құлықтарды сипаттайтын сленгтер мен инвективті тіркестерді қазақ, орыс, алтай тілдеріндегі метафоралық теңеулермен салыстырып, олардың лингвомәдениеттанымдық негіздеріне талдау жасалды. Этнолингвистика мен этномәдениеттану сын есімдерді халықтың дүниетанымы мен мәдени құндылықтарын бейнелейтін көпқырлы құбылыс ретінде қарастырады. Бұл зерттеу осы екі ғылымды біріктіре отырып, қазақ халқының тілдік және мәдени мұрасын кешенді талдауға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: этнолингвистика; лингвомәдениеттаным; этнос; мінез-құлық; сын есім

Қаржыландыру көзі: Мақала BR18574132 «Мәдени-репрезентативті және жарнама мәтіндерінің ішкорпустарын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Байсыдық И.Б., Рсалиева Н.М., Халым Б., Корбозова Ә.Н. Адам мінезін сипаттаушы сын есімдердің лингвомәдениеттанымдық және этнолингвистикалық аспектісі. *Tiltany*, 2024. №4 (96). 51-61-66.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-51-61>

**Индира Болатбекқызы Байсыдық^{1*}, Нұрсәуле Мақсұтқызы Рсалиева²,
Бота Халым³, Әсем Нышанәліқызы Корбозова⁴**

^{1*}автор-корреспондент, доктор философии (PhD),

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0001-5013-4398 E-mail: i.baissydyk@gmail.com

²кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0003-2065-0505 E-mail: nursauler@mail.ru

³докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0001-9380-9041 E-mail: bota-@mail.ru

⁴магистрант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0009-0004-7104-0920 E-mail: asem.korbozova@mail.ru

ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ И ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ НАИМЕНОВАНИЙ ПРИЛАГАТЕЛЬНЫХ, ОБОЗНАЧАЮЩИХ ЧЕРТЫ ХАРАКТЕРА ЧЕЛОВЕКА

Аннотация. В целом психокультурные особенности личности, выражающие принципы ее существования (одежда, поведение, культура речи и другие ценности), отражают сущность нации. В частности, нормы поведения, рассматриваемые сегодня как объект изучения психологической науки, также считаются особой категорией с точки зрения лингвокультурного и этнокультурного аспектов. Ведь с коммуникативной, прагматической, дискурсивной стороны человеческое поведение отражает культуру не только разных социальных групп и организаций, но и одной нации, страны. Поэтому изучение понятия поведения как этнолингвистического, лингвокультурологического феномена имеет большое научное значение. В соответствии с этим в статье рассмотрена этнокультурная сфера этнолингвистических прилагательных и устойчивых выражений, характеризующих поведение человека. Выделены лексико-семантические группы прилагательных, выражающие поведенческие особенности, дифференцированы общие черты указанных лексических единиц для нескольких культур. Синонимо-антонимический ряд прилагательных, выражающих поведение человека с положительной и отрицательной семантикой, был сопоставлен с другими языками, относящимися к алтайской языковой группе, и обращено внимание на их этимологию. В этом направлении авторы, опираясь на труды отечественных и зарубежных ученых-лингвистов, подробно остановились на этнолингвистическом значении тех единиц слова, которые нечасто используются в современном языковом фонде. А также был проведен анализ основ лингвокультурологии, сленгов и инвективных выражений, характеризующих некоторые негативные черты человеческого поведения, сравнив их с метафорическими сопоставлениями в казахском, русском, алтайском языках. Этнолингвистика и этнокультурология рассматривают прилагательные как многогранное явление, отражающее мировоззрение и культурные ценности народа. Это исследование, объединяя эти две науки, позволяет всесторонне анализировать языковое и культурное наследие казахского народа.

Ключевые слова: этнолингвистика; лингвокультурология; этнос; черты характера; имя прилагательное

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования BR18574132 «Разработка подкорпуса культурно-репрезентативного подкорпуса и подкорпуса рекламных текстов».

Для цитирования: Байсыдык И.Б., Рсалиева Н.М., Халым Б., Корбозова А.Н. Лингвокультурологический и этнолингвистический аспект наименований прилагательных, обозначающих черты характера человека. *Tiltanym*, 2024. №4 (96). С. 51-61. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-51-61>

Indira Baissydyk^{1*}, Nursaule Rsaliyeva², Bota Halym³, Assem Korbozova⁴

^{1*}Corresponding author, Doctor of Philosophy (PhD), Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-5013-4398 E-mail: i.baissydyk@gmail.com

²Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-2065-0505 E-mail: nursauler@mail.ru

³Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-9380-9041 E-mail: bota-@mail.ru

⁴Master student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0004-7104-0920 E-mail: asem.korbozova@mail.ru

LINGUOCULTURAL AND ETHNOLINGUISTIC ASPECT OF ADJECTIVES DENOTING HUMAN CHARACTER TRAITS

Abstract. In general, the psycho-cultural features of a personality, expressing the principles of its existence (clothing, behaviour, culture of speech and other values), reflect the essence of a nation. In particular, the norms of behaviour, considered today as an object of study of psychological science, are also considered a special category from the point of view of linguocultural and ethno-cultural aspects. After all, from the communicative, pragmatic, discursive side, human behaviour reflects the culture not only of different social groups and organisations, but also of one nation or country. Therefore, the study of the concept of behaviour as an ethnolinguistic, linguocultural phenomenon is of great scientific importance. Accordingly, the article considers the ethnocultural sphere of ethnolinguistic adjectives and stable expressions characterising human behaviour. The lexical-semantic groups of adjectives expressing behavioural peculiarities are singled out, the common features of the mentioned lexical units for several cultures are differentiated. The synonymic-antonymic series of adjectives expressing human behaviour with positive and negative semantics was compared with other languages belonging to the Altaic language group and attention was paid to their etymology. The authors, relying on the works of Russian and foreign linguistic scientists, dwelled in detail on the ethnolinguistic meaning of those word units that are not often used in the modern linguistic fund. And also the analysis of the basics of linguoculturology, slangs and invective expressions characterising some negative features of human behaviour was carried out, comparing them with metaphorical comparisons

in the Kazakh, Russian, Altai languages. Ethnolinguistics and ethnoculturology view adjectives as a multifaceted phenomenon reflecting the worldview and cultural values of a people. This study integrates these two disciplines to comprehensively analyze the linguistic and cultural heritage of the Kazakh people.

Keywords: ethnolinguistics; linguoculturology; ethnos; character traits; adjective

Source of financing: The article was prepared within the framework of the project of program-targeted financing of the No. BR18574132 “Development of subcorpora of culturally representative and advertising texts”.

For citation: Baissydyk, I., Rsaliyeva, N., Halym, B., Korbozova, A. Linguocultural and Ethnolinguistic Aspect of Adjectives Denoting Human Character Traits. *Tiltanyim*, 2024. №4 (96). P. 51-61. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-51-61>

Кіріспе

Адам мінезін сипаттайтын сын есімдер – тілдің рухани мәдениеттің көрінісі ретіндегі қызметін айқындайтын маңызды лексикалық қабаттардың бірі. Олар ұлттың дүниетанымы, менталитеті мен мәдени құндылықтары туралы ақпарат береді. Әрбір халықтың мінез-құлықты сипаттауында өзіндік ерекшелігі, этнолингвистикалық және лингвомәдени белгілері бар, бұл сол ұлттың тарихи, әлеуметтік және мәдени тәжірибесінен туындайды. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық ерекшелікті сақтау мен дамыту өзекті мәселеге айналып отыр. Осыған орай адамның мінезін сипаттайтын сын есімдерді лингвомәдениеттанымдық және этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу тек тілдің лексикалық қорының байлығын ғана емес, сонымен бірге ұлттық болмыстың көрінісін де тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланыс қазіргі лингвистиканың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Лингвомәдениеттану мен этнолингвистика салалары осы байланысты зерттеп, тілдік бірліктер мен ұлттық-мәдени ерекшеліктердің арақатынасын ашуға бағытталған. Адам мінез-құلقىның сипаттамаларын білдіретін сын есімдер осы бағыттағы зерттеулер үшін ерекше маңызға ие. Біздің жұмысымыздың өзектілігі осы мәселелер тұрғысынан өрбиді.

Зерттеудің *мақсаты* – адам мінезін сипаттайтын сын есімдердің лингвомәдениеттанымдық және этнолингвистикалық негіздерін анықтап, олардың ұлттық дүниетаным мен мәдениеттегі орнын сипаттау. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай *міндеттер* межеленді: тақырып төңірегіндегі теориялық базаны зерделеу, адам мінезін сипаттайтын сын есімдердің тілдік табиғатын түсіндіру; қазақ тіліндегі адам мінезін сипаттайтын сын есімдерді жинақтап, жүйелеу; ұлттық-мәдени ерекшеліктерді айқындау, қазақ тіліндегі сын есімдердің ұлттық дүниетанымға негізделген мәндерін ашу; салыстырмалы талдау жүргізу, қазақ тіліндегі сын есімдерді басқа зерттеу нысанындағы тілдермен салыстыра отырып, этнолингвистикалық айырмашылықтарды айқындау.

Зерттеу ұлттық тіл мен мәдениеттің байланысын терең түсінуге, сондай-ақ этнолингвистика мен лингвомәдениеттану салаларының дамуына үлес қосады. Бұл тақырып әсіресе мәдениетаралық коммуникацияда, аударма ісінде және тілдерді оқытуда маңызды. Зерттеу нәтижелері мәдениетаралық коммуникация, аударма ісі, тілдерді оқыту және этнолингвистикалық ерекшеліктерді түсіну салаларына айтарлықтай үлес қосуы мүмкін.

Лингвомәдениеттаным мен этнолингвистика – бұл екі сала да тіл және мәдениет арасындағы байланыстарды зерттегенімен, оған әр қилы аспектілер негізінде талдау жүргізеді. Лингвомәдениеттаным көбіне тіл мен мәдениеттің өзара әсерін қарастырса, этнолингвистика саласы тіл мен этникалық топтар арасындағы әрекеттерді, қатынасты зерттейді. Біз зерттеу жұмысымызда осы екі саланың зерттеу аясында адам мінезін сипаттаушы сын есімдерді нақты мысалдар негізінде талдауды мақсат тұтамыз. Әсіресе олардың этнолингвистикалық мәнін ашу үшін қазақ, орыс және алтай тілдері назарға алынып, олардағы мінез-құлықты сипаттау мақсатында қолданылатын атаулардың семантикалық мәні тереңірек қарастырылады.

Этнолингвистиканың маңызы – кез келген этностың мәдени мұрасының бір саласы – тілдік қорда бүгінгі күнде қолданысқа түспей, қатталып жатқан сөз бірліктерін іздеп тауып, сала бойынша жіктеп, олардың мән-мазмұнын тарихи негізде талдап, қолданысқа енгізу.

Ұлттың дүниетанымы, қоршаған ортаға жалпы өмірге деген көзқарасы, салт-дәстүрі, айналасында болып жатқан құбылыстарға сыни көзімен қарап, оларға сипаттама беруі сөйлеу мәдениетінде көрініс табады. Оның ішінде өзінің жанында жүрген жақындарының мінез-құлықын сипаттап, белгілі бір затпен салыстыра отырып немесе қандай да бір затқа, құбылысқа теңей

отырып бейнеленуі назар аудартады. Осыған орай адам мінез-құлқына байланысты көнеден айтылып келе жатқан сөздерге немесе лексикалық топтарға этнолингвистикалық сипаттама беру – әр кезеңнің қажеттілігі.

Жас зерттеуші П. Болат этнолингвистиканың ең басты міндеті: «Тіл әлемі дегеніміз – этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған бірліктердің жиынтығы, синтезі. Міне, осынау бай тіл қазынасын этнос болмысы тұрғысынан толық меңгеру, оның бейне бір тұңғыық теңіздей терең мағына-мазмұнына бойлап еніп, оны игеріп, танып-білу, жүйелей түсіп, жан-жақты зерттеу», – деп көрсетеді (Болат, 2013: 37).

Кез келген тіл құрамында адамның мінез-құлқын сипаттауға арналған лексикалық топтар бар, оның ішінде сын есімдер мен тұрақты сөз тіркестер ерекше орын алады. Адам баласы қайда жүрсе де, қай салада болмасын қарым-қатынасқа түсіп, мәдени даму үшін тілді қолданады.

Қазіргі таңда адамның мінез-құлқын сипаттау фразеология саласында, паремиология саласында да жеке қарастырылмайды, жалпы түрде зерттеледі. Фразеолог-ғалымдардың көпшілігі адам мінез-құлқына байланысты мақал-мәтелдерді фразеологияның зерттеу нысаны ретінде қарастырса, біраз лингвистер оларды паремиология ғылымының нысаны деп есептейді.

Адам мінез-құлқына байланысты лексикалық топтарға этнолингвистикалық сипаттама беру тіл білімінің жеке саласы ретінде зерттелмеген. Бұл зерттеулерде адамның мінез-құлқына байланысты этнолингвистикалық сипаттама беру бір тілдің көлемінде де, екі не одан да көп туыс және туыс емес тілдер көлемінде де қарастырылып, олардың лексика-грамматикалық, лексика-стистикалық, логика-синтаксистік, когнитивті-семантикалық және т.б. ерекшеліктері туралы сөз болған.

Солардың бірі – туыс емес тілдердегі адам мінез-құлқына байланысты лексикалық топтардың этнолингвистикалық, лингвомәдениеттану тұрғысынан кешенді түрде зерттелуі. Олардың ортақ айырмашылықтарын тауып, әр халықтың рухани мұрасы болған мақал-мәтелдердегі құнды деректер мен мәліметтерді ғылыми түрде зерттеуге деген қажеттілік.

«Этнос» деген тарихи күрделі атауды сол қалпында ала салмай, этнолингвистика мақсатына орай «этнос болмысы» деген ұғыммен алмастырудың себебіне келсек, біріншіден, этностың жеке мәселелерін емес, оның тұтас бейнесін, барша болмысын анықтау қажет, екіншіден, этнос туралы толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады. Этностың шынайы болмысын басқа ғылымдар дәл этнолингвистикадай айқындай алмайды.

Бүгінгі қазақ этнолингвистикасының өзіндік ерекшеліктері төмендегіше сипат алады деуге болады. Бұл саланың ең басты мәселесі – *біріншіден*, ұлттың этностық бейнесін, ұлттық болмысын, дүниетанымын тіл байлығы арқылы жан-жақты танып-білу; *екіншіден*, қазақ этнолингвистика ғылымының көптеген гуманитарлық пәндермен, лингвистиканың өзге де салаларымен ынтымақтаса отырып, өзіндік мақсат-міндеті, ғылыми қағидаттары айқындалған әмбебап сала ретінде қалыптасуы; *үшіншіден*, қазақ этнолингвистикасы негізінде ұлттық тілімізде қолданыстан шығып бара жатқан, лексикалық мәні ұмытылған мыңдаған ұғымдар мен атаулардың қайта ғылыми айналымға енуіне ықпал ету; *төртіншіден*, елдің, халықтың болмысына, таным-түсінігіне, тарихына тән құнды атаулар мәнін этностық таным тұрғысынан мейлінше терең ашу.

Зерттеу тақырыбының жаңашылдығы сын есімдер арқылы қазақ халқының мәдени және этникалық ерекшеліктерін ашуға бағытталғандығында. Бұл зерттеу мінез-құлықты сипаттаудағы ұлттық ерекшеліктерді көрсетіп, лингвомәдениеттану мен этнолингвистика салаларын біріктіреді. Қазақ тіліндегі сын есімдерді басқа мәдениеттермен салыстыру арқылы олардың семантикалық, прагматикалық және мәдени аспектілерін кешенді түрде зерттеп, заманауи жаһандану жағдайындағы өзгерістерін талдайды. Тақырып қазақ тілінің рухани құндылықтарын сақтауға және болашақ ұрпаққа жеткізуге үлес қосады.

Материал және әдістер

Зерттеу жұмысы барысында қолданылған дереккөздер түрлері негізінен түсіндірме, этимологиялық, фразеологиялық сөздіктер сияқты тілдік материалдардан құралады. Зерттеу жұмысында семантикалық, салыстырмалы, этимологиялық талдау түрлері, лексика-семантикалық топтастыру мен атауларды іріктеу және топтастыру тәсілдері қолданылды.

Сөздердің лингвомәдениеттанымдық негіздері – тілдік бірліктердің ұлттық мәдениетпен, дәстүрмен, менталитетпен және халықтың дүниетанымымен байланысын зерттейтін сала болғандықтан, оны анықтау үшін бірнеше негізгі аспектілерге назар аудару қажет. Сондықтан қазақ, орыс, ағылшын және алтай тілдеріндегі мінез-құлық атауларының мағыналық реңкін ашу мақсатында этимологиялық аспектіде қарастыру жұмысы жүргізілді. Ол сөздің шығу тегі мен бастапқы мағынасы арқылы оның мәдени-тарихи контекстін анықтайды әрі қай мәдениеттен енгенін және қандай мәнге ие болғанын көрсетеді.

Әдебиетке шолу

Тіл бірліктерінің астарында этностың ұлттық қасиеттері мен мінез-құлықтары, мәдени құнды қазыналарының мол қабаты қатталып жататыны көптеген ғалымдарды қызықтырды. Бұл бағыттағы зерттеулер XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген неміс ғалымы Иоганн Гердердің еңбектерінен бастау алады. Ол ұлттың, этностың рухани құндылығы – миф, таным-түсінік, тіл, моральдық нормалар, әдет-ғұрып, салт-дәстүр қағидаларын уақыт пен кеңістік аясында қарастыру қажет екенін баса айтты.

Ғалым В. Гумбольдт: «Тілдің жарыққа шығуы адамзаттың ішкі қажеттіліктеріне байланысты, ол тек адамдар арасындағы қарым-қатынас қана емес, адамдардың жаратылысынан бар рухани күш пен дүниетанымдық білімді дамыту үшін керек, яғни әр халық өз тілін адам іс-әрекетінің қаруы ретінде жасайды», – деп тұжырымдайды (Аронов, 1992: 4). Тіл білімінің ірі майталманы Фердинант де Соссюр тіл мен мәдениеттің, ұлттық таным мен ойлаудың іліктес екенін атап өткен. Этнолингвистиканың дамуына зор үлес қосқан ғалым Эдуард Сепир: «Тіл – мінез-құлық нормасын көрсетуші құрал. Халықтың мәдени дәрежесін оның тілін зерттемей тұрып түсіну мүмкін емес» десе, ал Н.И. Толстой «Этнолингвистика тіл мен ұлттың менталитеті, тіл мен халық шаруашылығы арасындағы корреспонденция түрлерінің қарым-қатынасына, байланысына жол көрсететін тіл біліміндегі жаңа бағыт», – деп, пікір білдірген (Толстой, 1983: 1).

«Ағылшын және қазақ тілдерінде де адам мінез-құлқының лексикалық топтарына этнолингвистикалық сипаттама сын есімдер, мақал-мәтелдер, салыстырулар және фразеологиялық бірліктер арқылы, туыс емес екі тілдегі адамның мінез-құлқына сипаттама әр түрлі құбылыстармен, жануарлармен, заттармен, табиғатпен, өсімдіктермен, тіпті түстермен де салыстыра беріледі» (Есказинова, Аязбаева, 2008: 163). Осыған сәйкес салыстырып, сипаттау барысында ағылшын және қазақ тілдеріне ортақ сипаттамалар айқындалды, «fox» «түлкі», «cat» «мысық», олар ортақ бір сипаттамаға жүктеледі: қулық, арамдық, «lamb» «қозы», «sheep» «қой» – қой аузынан шөп алмайтын, қойдан қоңыр, қой мінезді, қойдай жуас, қоймүрет, қойпалаң, қойторы, яғни, момын, бас июшілік, кішілік, «bull» «бұқа» – мазасыздық, қазбалағыштық, «owl» «үкі» – данагөйлік, кемеңгерлік, «hare» «қоян» – қорқақтық, сужүректік.

Адам мінез-құлқына байланысты мақал-мәтелдерді фразеологияның құрамында қарастыратын ғалым-лингвистерге А. Райхштейн, М. Копыленко, В. Архангельский, Ә. Қайдар, І. Кеңесбаев, Р. Сәрсенбаев, Ә. Болғанбаев т.б. жатқызуға болады. Ал ғалымдар Н. Амосова, Г. Пермяков, Қ. Аханов мінез-құлықты сипаттау тілдегі нақыл сөздер, жұмбақтар сияқты күрделі формадағы ерекше сөз тіркестерін зерттейтін арнайы пән – паремиологияға кіреді деп тұжырымдайды (Танабаева, Оразғалиева, 2001: 28).

Нәтижелер және талқылау

Ұлттық менталитет, ұлттық мінез адамдардың тарихи қалыптасқан бірлестігі мен ірі топтары болып саналатын этностың, ұлттың, халықтың өмір тіршілігі мен әлеуметтік жағдайының тұтастығы арқылы танылады. Әрбір халық пен ұлттың, этностың өзіндік мінез-құлықтарының ерекшеліктері болатындығы – тарихи шындық және объективті фактор екенін ескергіміз келеді. Этностың (адамның) бойында өзіндік жекелік (даралық) ерекшелігі (бет-бейнесі) бар, ұлттық мінез-құлық, жан дүниесі, іс-әрекеті, дүниеге көзқарасы және т.б. бір-бірімен байланысты, психологиялық тұрғыдан қайталанбайтын жақтарымен қатар, этностардың бір-бірімен ұқсас қасиеттерін белгілі бір халық, ұлттың этносқа айналу процестеріндегі тіл арқылы көрінетін мәдени құндылықтары тұрғысынан да бағамдауға болады. Осы тұрғыда қазақ халқының түркі тектес өзге халықтардан ерекшеленіп тұратын өзіндік мінез сипат-қасиеттері бар

екенін айтқымыз келеді.

Ресей ғалымы А.А. Добрининаның «Алтай тіліндегі адам мінезінің ерекшеліктерін білдіретін сын есімдер» (Добринина, 2006: 31) деген ғылыми зерттеуінде зерттеушінің МЛҚ-ын (мәтіннің лексикалық құрылымын) жеті лексикалық және семантикалық кіші топтарға бөлгеніне баса назар аударып, қазақ тіліндегі сын есімдерді де осы бағытта сарапқа салып көрдік.

Адамның мінез-құлық ерекшеліктерін анықтайтын алтай тіліндегі сын есімдерінің МЛҚ-ы жеті лексикалық және семантикалық кіші топтарға бөлінеді: 1) адамның өзіне деген қарым-қатынасы; 2) өз-өзін көпшілік ортада ұстауы; 3) адамның ерік-жігерін танытушы; 4) адамның басқа адамдарға деген қатынасы; 5) еңбекке, жұмысқа деген қатынасы; 6) адамның адамгершілік қасиеті; 7) заттарға және дүние мүлікке деген қатынасы (Добринина, 2006).

Адамның өзіне деген қарым-қатынасын көрсететін сын есімдердің алғашқы тобы алтай тілінде антонимдік жұп *јобош пен мактанчакты* білдіреді: *јобош* – «кішіпейіл, сабырлы», *мактанчак* – «мақтаншақ».

Оң семантикасы бар сын есімдердің синонимдік қатарында басымдық танытатын «*јобош*» «кішіпейіл, сабырлы» сөзі мынадай лексемалардан тұрады: *мактанбас* «мақтаншақ емес», *тынзынбас* «менмен емес», *јакшыркабас* «көкірек емес», *улуркабас*, *јаанаркабас*, *јамыркабас* «өршіл емес», *байыркабас* «байлығымен мақтанбайды», *инеркебес*, *маалкатпас*, *адаркабас* «менмендігі жоқ».

Теріс семантикасы бар сын есімдердің синонимдік қатарында басымдық танытатын *мактанчак* «мақтаншақ» сөзі мынадай лексемалардан құралады: *тынзынчак* «менмен», *чмермеркек*, *јакшыркак* «өркөкірек», *тееркек*, *сайыркак* «менмен», *улуркак*, *јаанаркак*, *јамыркак* «өршіл», *оморкок* «көкірек».

Қарастырылып отырған синонимдік-антонимдік қатардың барлық сын есімдері (*јобош* қоспағанда) бір нәрсеге бейімділікті білдіретін *-чак* немесе *-бас* – теріске шығару жалғаулары арқылы қалыптасады. Бұл кіші топтың таңбалауыштары ауызекі сөйлеуге көбірек тән.

Орыс тілінде қарастырылып отырған семантикалық кіші топ «қарапайым» – *скромный* деген сын есімнен тұрады, синонимдік қатарға қарама-қайшы доминанттық сын есім: *нескромный* – «мақтаншақ».

Алтай тіліндегідей, оң семантикасы бар сын есімдердің синонимдік қатары теріс семантикасы бар сын есімдерге қосылған *не-* деген теріс бөлшектің көмегімен қалыптасады: *невысокомерный*, *ненадменный*, *незаносчивый*, *некичливый*, *неспесивый*, *нетщеславный*, *нехвастливый*, *нечванливый*, *неамбициозный*, *негорделивый*, *несамоуверенный*, *несамолюбивый*, *несамонадеянный*, *негордый*.

Сын есімдердің МЛҚ-ның екінші тобы – адамның өзін көпшілік ортада ұстауына қатысты лексемалар. Оған алтай және орыс тілдерінде мынадай мысалдар бар: *баиштак* «балованный, игривый, шаловливый», қазақша «*бұзық*», *согушчан* «драчливый», қазақша «*бейбастақ*», *арбанчак* «ворчливый», қазақша «*бейапар*, *бейауыз*», *шапылдууш* «болтливый», қазақша «*шапылдақ*», *канкылдууш* «болтливый», қазақша «*бейпіл ауыз*», *тилгерек* «языкастый», қазақша «*тілді*», *јапшынчак* «навязчивый, назойливый», қазақша «*беймаза*, *жабысқақ*».

Бұл жерден қазақ тіліндегі сын есімдерде «*бей-*» деген түбірлі морфеманың көп кездесетінін көруге болады, яғни *беймаза*, *бейбас*, *бейбастақ*, *бейпіл ауыз*.

Адамның ерік-жігерін танытушы сын есімдер тобына келсек, негізгі синонимдік-антонимдік қатарға мына сөздер кіреді: *јалтанбас* – *јалтанчак*, *јалтанбас* «қайсар», *коркыбас* «өжет», *айабас* «жанкешті», *јалтанчак*, *коркынчак* «жалтақ, қорқақ, жігерсіз, батылсыз», *чочынкай* «жасқаншақ».

Ал қазақ тіліндегі лексемаларға тоқталсақ, бұл жерде *жанкешті*, *жанқияр*, *жансебіл*, *жанкешпе* деген сөздер назар аудартады, яғни адамның ерік-жігерін танытатын сын есімдер қатарының «*жан-*» деген түбір сөз арқылы жасалып тұрғанын көруге болады.

Сын есімдердің жетінші лексика семантикалық тобына адамдардың айналасындағы заттарға, дүние мүлікке деген қарым-қатынасын білдіретін сөздер кіреді. Алтай тіліндегі басты сөздер *ач* – *кысканбас*, орыс тілінде *жадный* – *щедрый*. Алтай тілінде бұл топты мына лексемалар құрайды: 1) *чебер* «бережливый», *қымакай* «экономный», *јуункай* «запасливый»,

чотонгыр «экономный», кыдырмак «бережливый», бұлар жағымды мінез құлықты сипаттайды; 2) ачап «жадный», кысканчак «зажимистый», тудум «прижимистый», карам «скупой», ал бұл сөздер керісінше жағымсыз мінездерді көрсетеді.

Орыс тілінде – *бережливый, экономный; зажимистый, прижимистый – скупой, жадный, скаредный, ненасытный; щедрый; расточительный, небережливый*. Қазақ тілінде – *үнемшіл, қанағатшыл, ынсапты – ашкөз, ысырапшыл, ынсапсыз, тойымсыз*.

Қарастырылып отырған синонимдік-антонимдік қатардың барлық сын есімдері адамның айналасындағы заттарға деген оң және теріс бағыттағы қарым-қатынасын білдіретін *-шіл, -шыл* немесе *-сыз* – теріске шығару жалғаулары арқылы қалыптасады. Бұл кіші топтың таңбалауыштарын жазбаша тілде де және ауызекі сөйлеуде де қолдануға болады. Осы жоғарыда қолданылып отырған *ынсапты, ынсапсыз* деген сөздерге тоқтала кетейік. Қазақта «Ынсапсызда ұят болмайды» деген мәтел бар, ал Хакім Абай «Ынсап, ұят, терең ой – Ақыл, зейнет, біліп қой», – дейді. Халқымыз адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі – осы «ынсап» деп бағалаған. «Ынсапсыз адамның ындыны жаман, қомағай келеді, ынсапсыздық ысырапқорлыққа әкеледі» деп, бұл мінезді үнемі сынға алып отырған. Ұлтымыздың сөздік қорындағы осындай тіл бірліктерін көріп, халқымыздың адамшылық қағидасының деңгейі жоғары болғанына көз жеткіземіз.

Жоғарыда алтай және орыс тілдеріндегі адам мінезін сипаттайтын сын есімдерді қазақ тіліндегі тілдік бірліктермен қатарластыра әрі салыстыра отырып, бірқатар мысалдарға компоненттік талдау берілді.

Осылайша, салыстырылған үш тілде де адамның мінез-құлық ерекшеліктерін білдіретін сын есімдердің МЛҚ ұйымының негізгі құрылымдық бірлігі синонимдік-антонимдік қатар болып табылады, оның симметриялық емес асимметриялық құрылымы көрсетілген белгілерді бағалау мен егжей-тегжейлі саралау дәрежесімен анықталады. Жеке тұлғалық қасиеттер арасында атап өтерліктей айырмашылықтар жоқ. Көптеген сөздер бір-бірінен тек белгінің қарқындылық дәрежесімен, яғни эмоционалды-экспрессивтілігімен (*«шапылдақ», канкылдууш «болтливый»*) немесе функционалды-стилистикалық (*коркыбас, «әжет», «храбрый»*) ерекшеліктерімен дараланады.

Белгілі бір мағынаны білдіретін ұғымдар ғасырлар бойы белгілі бір аталымдарға ие болып, тіл лексикасынан ойып орын алып және олар диалектиканың даму заңдылығына сәйкес жағымды және жағымсыз мағынаны білдіретін тілдік бірліктер ретінде қалыптасқан. Мәселен, адам бойындағы қасиеттерді алсақ, олар басқалар тарапынан оң немесе теріс мінез-құлық деп бағалануы мүмкін.

Осы орайда адамның жағымсыз мінез атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздеріне тоқталып, талдап көрейік. Адамның жағымсыз мінезін танытатын ұғымдардың белгілі бір аталымдарға ие болатыны шындық. Ал мінез сол елдің тұрмыс-тіршілігіне, табиғатына, бастан кешкен тарихи жағдайларға байланысты қалыптасады әрі дамиды. Академик Ә. Қайдар бұл жөнінде былай дейді: «...Адам мен ұлы табиғат өзара тығыз байланысты. Адам да сол табиғаттың өзінен жаралған, сол табиғаттың өзінде өтіп жатқан саналы өмірдің, ондағы қалыптасқан рухани, заттық мәдениеттің ұйытқысы, барша өркениеттің зиялы иегері» (Қайдар, 2009: 12). Осы орайда жазушы Қ. Түменбайдың «Қой мен қойшы» әңгімесінен мына бір мысалды алып көрейік:

Обал-ай! Адам осыншама қатыгез бе еді?!...

Қатыгез – тірі жанға жанашырлығы жоқ, аяушылық, мүсіркеушілік дегенді білмейтін, рақымсыз, ұдайы кәрленіп жүру сүйегіне біткен мейірімсіз, қатал адам. Ал түсіндірме сөздікте бұл сөзге *қатыбас, мейірімсіз* деген анықтама беріледі (Қалиев, 2014: 495).

Ал Э.В. Севортянның «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде» анықтамалардың мағыналары бір-біріне жақын келеді. Бұл сөздің шығу төркіні де жоғарыда берілген түсініктемелермен мағыналас. «Қатыгез» туынды сөзінің түбірі – «қаты (қата) – қатаю, қатаңдану, қатты болу» деген мағыналарды білдіреді. Бұл сөз түркі тілдерінің бәрінде кездеседі, бірақ мағыналары бір-бірінен алшақтап отырады. Мысалы, татар, башқұрт, түрік тілі диалектісі, якут, тува, ұйғыр тілдерінде – «қатыгездену, мейірімсіздену» (черствовать, быть черствым)

мағынасын, қырғыз, құмық, қарақалпақ, алтай тілдерінде «дөрекілену, қатаю» (грубеть) мағынасын береді (Севортян, 1974: 334). Яғни «қатыгез» сөзі – «қатаю, мейірімсіздену, дөрекілену» мағынасын беретін «қаты» сөзі мен сын есім тудырушы көнеленген *-гез* жұрнағының тіркесуі арқылы жасалып, қазақ танымында тірі жанға жанашырлығы жоқ, жүрегі қатайып, аяу, мүсіркеу дегенді білмейтін мейірімсіз адамды атауда қолданылады.

«Томаға-тұйық Жеткеннің көз алдына тек қана Мәнсұр елестейді» (Қ. Түменбаев «Жақсылық жасағым келеді»). Осы жерде қолданылған «томаға-тұйық» деген сөзді талдап көрелік. Бұл сөздің шығу төркіні жайында Ә. Нұрмағамбетов мынандай дерек келтіреді: «М.Қашқари сөздігінде «томлығ» дыбыс құрамындағы тұлғаның бірінші мағынасы – «суық, салқын» болса, туынды, ауыспалы түсінігі – «көңілсіздік, қаталдық». Қазіргі түркі тілдері ішінде туваларда дәл осындай мағынаны «дүмбей» сөзі береді. Енді бір түркі тілдерінде, атап айтсақ, құмықтарда мағына ауысуы алшақтай түсіп, «томақ» тұлғасы – «топас», татарларда «тома» – жан-жағы бітеу іспеттес түсінікке нұсқайтын болған. Осылардың қай-қайсының да тұңғыш түбірі – «том», ал бірінші мағынасы – «суық». Бертін келе ол тұлғасын өзгерте түсіп, кейбір түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде, алғашқы «суық» мағынасы адам мінезіндегі «жабырқаңқылық, көңілсіздікті» бейнелеп көрсету қызметін атқаруға көшкендігін байқаймыз. Жорамалымыз бойынша, «томаға-тұйық» қос сөзін мағына жағынан «салқын-тұйық» деп айтуға да болады» (Нұрмағамбетов, 1994: 273).

Бір сын есімнің бірнеше қосымша коннотациясы болатыны мәлім, бірақ олардың қолданылу ерекшелігі мен тәртібі әртүрлі. Осыған орай мына ғылыми тұжырымдаманы үнемі есте ұстаған жөн: «Кейбір коннотациялар қолданыс аясында сирек кездесіп, ұмытылады, кейбірі жиі қолданылып, доминантты күйге ауысады. Тағы бір өзгешеліктің мәні, тілдің диалектісіне байланысты, мысалы, бір мағыналы сын есімдердің қолданылуы немесе мағынасы әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан оларды қолдану кезінде өте ықтият болу керек» (Маслова, 1988: 174).

Бұл жерден адам бойындағы қасиеттерді танытатын тілдік бірлік белгілі бір эмоция тудыру мақсатында ғана қолданылмай, бүкіл бір ұлттың бейнесін беруде, тарихынан, ділі мен салтынан хабардар етуде маңызды рөл атқаратынын көруге болады. Әр мінез бітісін әр халық өзінше қабылдап, өз тілінде ат қойып, ұлттық болмысына сай мінез атауын күнделікті қолданысқа енгізіп келеді.

Лингвомәдениетті қоғамдастықта адамдардың көпшілік ортада өз-өзін ұстауының бейәлеуметтік үлгілері де қалыптасады және олардың сөз қолданыстары да жағымсыз сипатта болады. Осыған орай бүгінгі күнде «инвективті лексика» да қалыптасып үлгерді. Бұл туралы ғалым Л. Мұсалы былай дейді: «Жастар тіліне ағылшын сөздері, сондай-ақ түрлі сленгтер, әсіресе бозбалалардың диалогтеріндегі инвективті лексика араласса, тіліміз нағыз қойыртпаққа айналады. Демек, сөйлеу тілімізде этикалық, эстетикалық нормаларға да нұқсан келіп, тіл көркемдігі ойсырайды» (Мұсалы, 2017: 4). Ғаламдағы жетекші тілдердің, әсіресе ағылшын тілінің әсерінен тілдік нормалардың бұзылуы, соның салдарынан тілдердің санының қарқынды түрде азаюы орын алып жатқаны белгілі. Бұл тұрғыдан «Тілдің бір қалыпта тұрмауы, өзгеруі заңды құбылыс болғанмен, ол жұтылмауы керек, өз имунитетімен алға жылжып, дамуы қажет» деп көрсетеді Н. Рсалиева «Ана тілі» газетіне берген «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы» деп аталатын сұхбатында (Рсалиева, 2023: 5).

Инвективтер семантика жағынан тіл қолданушысының ішкі мәдениет деңгейін көрсетеді, яғни адам өзінің бойындағы бар болмысымен танылады, оның жақсы және жаман мінез-құлықтары толық көрінеді. Көп жағдайда жағымсыз бейнені танытады және ауызекі тілде қолданылады. Адамның жағымсыз мінездерінен хабар беретін лексикалық бірліктердің инвективті мағынасы да болады. Мысал үшін испандық және америкалық мәдениетте жиі сынға ұшырап жататын инвективті сөздердің бір-екеуіне тоқталып (Заворотичева, 2008: 70), қазақ тіліндегі лексикалық бірліктермен салыстыра қарастырып көрейік.

Ағылшынша «*big mouth*», «*bad mouth*» деген сөздер «өсекші», «жалажапқыш» деген мағына береді. Бұл жерде назар аударатын мәселе, «*bad mouth*» деген сөзді тура аударсақ «жаман ауыз» деген мағына береді, қазақша тура осымен мағыналас «аузы жаман» деген сөз бар. Бұдан лексикалық бірліктердің мағынасының екі тілде де ұқсас екенін көруге болады. Сонымен қатар

испан тілінде тілі уытты әйелді «viboga» дейді, бұл жыланның бір түрінің атауы екен, қазақ тілінде де «тілінің уын шашпа» деген тіркес бар, бұдан да мағыналық ұқсастық анық байқалады. Бұл екі тілде де метафоралық теңеулер, оның ішінде зооморфизмдер көп қолданылады. Мысалы, ағылшын және испан тілдерінде қорқақтық (chicken coward – *қорқақ тауық*, chickenheart – *тауықжүрек*) үй құсы тауықпен теңестіріле суреттеледі. Қазақ тілінде қорқақтық қоянмен астастырыла айтылады, мысалы, *қоянжүрек* дейді.

Инвектив семантикасы лингвомәдениетті қоғамдастықтың құндылықтар жүйесін танытады. Инвективтің мағыналық тақырыптық тобын зерттеу нақты бір әлеуметтік ортадағы көпшілік тарапынан сыналатын адамдардың жағымсыз мінез-құлықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұған әлеуметтік іс-әрекеттің нормаларын сақтамайтын адамдардың теріс мінез-құлықтары жатады: қорқақтық, мақтаншақтық, ашкөздік, көреалмаушылық.

Бұл зерттеуде этнолингвистика мен этномәдениеттанудың үлесі айтарлықтай маңызды, себебі зерттеу тақырыбы екі бағыттың тоғысында орналасқан. Әрқайсысының үлесі мынадай аспектілерден көрінеді: бұл зерттеудегі этнолингвистиканың үлесі тіл мен этностың байланысынан, яғни қазақ халқының мінез-құлық ерекшеліктерін сипаттайтын сын есімдердің этностық ерекшеліктерін көрсетуден және тілдік бірліктер арқылы ұлттық дүниетаным мен халықтық ұғымдарды анықтаудан құралады. Қазақ тіліндегі сын есімдердің құрылымдық ерекшеліктері мен олардың халықтық танымдағы орнына назар аударылады. Сын есімдер арқылы қазақ халқының әлеуметтік, отбасылық және рухани құндылықтарын сипаттау ұлттық дүниетанымды бағамдайды.

Этномәдениеттанудың үлесі мәдени кодтарды ашу, сын есімдердегі мәдени мәндерді зерттеу, олардың дәстүр, салт, әдет-ғұрыппен байланысын анықтаумен байланыстырылады. Қазақ халқының мінез-құлық нормалары мен құндылықтарын сын есімдер арқылы сипаттау, сын есімдердің мәдени және символикалық мағынасын зерттеу, көшпелі тұрмысқа тән құндылықтардың сын есімдердегі көрінісін анықтау, тілдегі табиғат пен шаруашылыққа қатысты сын есімдердің мәдениеттегі рөлін көрсету, сондай-ақ тарихи кезеңдер мен сыртқы мәдени әсерлердің сын есімдерге тигізген ықпалын зерттеуден құралады.

Қорытынды

Жоғарыда біз алтай және орыс тілдеріндегі адам мінез-құлқын сипаттайтын сын есімдерді (алынған мысалдар қатары көп болмаса да) қазақ тіліндегі тіл бірліктерімен қатарластыра әрі салыстыра-салғастыра отырып, ол атаулардың лингвомәдениеттанымдық негіздеріне талдау жасадық. Талдау барысында этнолингвистика саласында осыған дейін зерттеу жүргізген ғалымдардың тұжырымдары назарға алынды. Соның негізінде этнолингвистика мен лингвомәдениеттану салаларының тіл біліміндегі өзіндік орнын анықтап, олардың ғылыми анықтамасын жан-жақты жүйеледік. Қазақ, орыс және алтай тілдеріндегі оң және теріс семантикасы бар мінез-құлық атауларының мағыналық салыстыру жұмысы жүргізіліп, нақты мысалдар берілді. Ол атаулардың пайда болуына негіз болған табиғи және әлеуметтік факторларға, адамдардың өздерін түрлі ортада ұстау сипатына, өзіндік мінез ерекшелігінің қалыптасуына, эмотивті мәндегі атаулардың шығуына салыстырмалы түрде талдау жүргізіліп, үш тілдегі синонимдік және антонимдік тізбектер ұсынылды.

Қорытындылай келе, адам мінез-құлқын сипаттайтын сын есімдердің үш тілдегі этномәдениеттанымдық аясы қарастырылды. Мінез-құлық ерекшеліктерін білдіретін сын есімдердің лексика-семантикалық топтары айқындалды, лексикалық бірліктердің бірнеше мәдениетке ортақ белгілері сипатталды. Мінез-құлық атауларын бірнеше тілдің аясында салыстыра талдау жұмыстың ғылыми әрі практикалық мәнін арттырды. Мінез атаулары әр тілде әр қилы аталуына қарамастан, өзара семантикалық сипатта қиысты. Тілдерге ортақ ұлттық таным мен түсінік белгілерінде біршама ұқсастықтардың бары айқындалды.

Этнолингвистика мен этномәдениеттану сын есімдерді тек тілдік құрал ретінде ғана емес, халықтың дүниетанымын, мәдени құндылықтарын, тарихи тәжірибесін бейнелейтін көпқырлы құбылыс ретінде қарастырады. Бұл зерттеу осы екі ғылымның әдістерін біріктіре отырып, қазақ халқының тілдік және мәдени мұрасын кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда үлкен кешенді зерттеулер алдағы уақыттың еншісінде деген ой түйеміз.

Әдебиеттер

- Аронов Г.К. Этнолингвистическая природа народных космонимов в казахском языке: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1992.
- Болат П. Этнолингвистиканың қайнар көздері // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология сериясы. – №1 (43). – 2013. – 35-38-бб.
- Добринина А.А. Прилагательные современного Алтайского языка, обозначающие черты характера человека: дисс. канд. филол. наук. – Новосибирск, 2006. – 130 с.
- Есказинова Ж.А., Аязбаева С.С. Адам мінез-құлқына байланысты лексикалық топтарға этнолингвистикалық сипаттама беру // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2008. – № 3. – 162-164-бб.
- Заворотничева Н.С. Инвективные обозначения отрицательных черт характера и ассоциальных моделей поведения в испанском и американском лингвокультурном сообществе // Вестник РУДН. Серия Лингвистика. – 2008. – №3. – С. 69-74.
- Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. 1 том. Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 784 б.
- Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.
- Маслова В.А. Экспериментальное изучение национально-культурной специфики внешних и внутренних качеств человека (на материале киргизского языка) // Этнопсихоллингвистика. – Москва: Наука, 1988. – 192 с.
- Мұсалы Л. Сөз талғаудың шарттары // «Ана тілі» газеті. – 18.05.2017.
- Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 306 б.
- Рсалиева Н.М. Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы // «Ана тілі» газеті. – 28.09.2023.
- Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские лексические основы на буквы «К» и «Қ». – Москва: Наука, 1974. – 768 с.
- Танабаева А.М., Оразғалиева Ф.Ш. Лексика и фразеология как источник этнокультурной информации. – Караганда, 2001.
- Толстой Н.И. О предмете этнолингвистики, ее роли в изучении языка и этноса // Ареальные исследования в языкознании и этнографии. Язык и этнос. – Ленинград: Наука, 1983. – 250 с.

References

- Aronov, G.K. (1992) *Jetnolingvisticheskaja priroda narodnyh kosmonimov v kazahskom jazyke: avtoreferat kandidatskoj dissertacij filologicheskikh nauk*. Almaty. [Aronov, G.K. (1992) *Ethnolinguistic nature of folk cosmonyms in the Kazakh language: Abstract of the PhD. dissertation of philological sciences*. Almaty.] (in Russian)
- Bolat, P. (2013) *Jetnolingvistikaning qajnar kozderi*. Abaj atyndagy KazUPU Habarshysy. Filologiya serijasy, №1(43). Almaty, B. 35-38. [Bolat, P. (2013) *Sources of ethnolinguistics*. Bulletin of KazNPU named after Abai. Philology series, No.1(43), P. 35-38.] (in Kazakh)
- Dobrinina, A.A. (2006) *Prilagatel'nye sovremennogo Altajskogo jazyka, oboznachajushhie cherty haraktera cheloveka: dissertacija na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskix nauk*. Nobosibirsk, 130 s. [Dobrinina, A.A. (2006) *Adjectives of the modern Altai language denoting human character traits: Dissertation for the degree of candidate of philological sciences*. Novosibirsk, 130 p.] (in Russian)
- Eskazinova, Zh.A., Ajazbaeva, S.S. (2008) *Adam minez-qulqyna bajlanysty leksikalyq toptarga jetnolingvistikalыq sipattama беру*. KazUU Habarshysy. Filologiya serijasy. №3. Almaty, B. 162-164. [Yeskazinova, Zh.A., Ayazbayeva, S.S. (2008) *Ethnolinguistic description of lexical groups related to human behavior*. Bulletin of KazNU. Philology series. No.3. Almaty, P. 162-164.] (in Kazakh)
- Maslova, V.A. (1988) *Jeksperimental'noe izuchenie nacional'no-kul'turnoj specifiki vneshnih i vnutrennih kachestv cheloveka (na materiale kirgizskogo jazyka)*. Jetnopsiholingvistika. Moskva, 192 s. [Maslova, V.A. (1988) *Experimental study of the national and cultural specifics of the external and internal qualities of a person (based on the material of the Kyrgyz language)*. Ethnopsycholinguistics. Moscow, 192 p.] (in Russian)
- Musaly, L. (2017) *Soz talgaudyng sharttary*. «Ana tili» gazeti. 18.05.2017. [Musaly, L. (2017) *Word selection condition*. «Ana tili» newspaper. 18.05.2017.] (in Kazakh)
- Nurmagambetov, A. (1994) *Bes zhuz bes soz*. Almaty: Rauan, 306 b. [Nurmagambetov, A. (1994) *Five hundred and five words*. Almaty: Rauan, 306 p.] (in Kazakh)
- Qaidar, A. (2009) *Qazaqtar ana tili aleminde: jetnolingvistikalыq sozdik*. 1 tom. Adam. Almaty, 784 b. [Kaidar, A. (2009) *Kazakhs in the world of language: ethnolinguistic dictionary*. 1 vol. Adam. Almaty, 784 p.] (in Kazakh)
- Qaliev, B. (2014) *Qazaq tilining tusindirme sozdigi*. Almaty, Memlekettik tildi damytu instituty, 728 b. [Kaliyev, B. (2014) *Kazakh explanatory dictionary*. Almaty: State Language Development Institute, 728 p.] (in Kazakh)
- Rsalieva, N.M. (2023) *When Speech is Tainted by Foreign Words*. «Ana tili» newspaper, 28.09.2023. (in Kazakh)
- Sevortjan, Je.V. (1974) *Jetimologicheskij slovar' tjurkskih jazykov*. Obshhetjurskie i mezhtjurskie leksicheskie osnovy na bukvy “K” i “Q”. Moskva: Nauka, 768 s. [Sevortjan, Je.V. (1974) *Etymological dictionary of the Turkic languages*. Common Turkic and inter-Turkic lexical bases on the letters “K” and “Q”. Moscow: Nauka, 768 p.] (in Russian)
- Tanabaeva, A.M., Orazgalieva, F.Sh. (2001) *Leksika i frazeologija kak istochnik jetnokul'turnoj informacii*. Karaganda. [Tanabayeva, A.M., Orazgaliyeva, F.Sh. (2001) *Vocabulary and phraseology as a source of ethnocultural information*. Karaganda.] (in Russian)

Tolstoj, N.I. (1983) O predmete jetnolingvistiki i ejo roli v izuchenii jazyka i jetnosa. Areal'nye issledovanija v jazykoznanii i jetnografii. Jazyk i jetnos. Leningrad: Nauka, 250 s. [Tolstoi, N.I. (1983) About the subject of ethnolinguistics its role in the study of language and ethnos. Areal studies of linguistics and ethnography. Language and ethnicity. Leningrad: Nauka, 250 p.] (in Russian)

Zavorotishheva, N.S. (2008) Invektivnye oboznachenija otricatel'nyh chert haraktera i asocial'nyh modelej povedenija v ispanskom i amerikanskom lingvokul'turnom soobshhestve. Vestnik RUDN, Serija Lingvistika, №3. S. 69-74. [Zavorotishcheva, N.S. (2008) Invective designations of negative character traits and asocial patterns of behavior in the Spanish and American linguocultural communities. Bulletin of RUDN University, Linguistics series, No.3. P. 69-74.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 07.02.2023.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 23.12.2024.

© Байсыдық И.Б., Рсалиева Н.М., Халым Б., Корбозова Ә.Н., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024